

Жетісай ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Түркістан облысы Жетісай ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 30 қарашадағы № 26-167-VII қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 7 желтоқсанда № 31001 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Экология Кодексінің 365 бабы 3 тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес Жетісай аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Жетісай ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Жетісай аудандық мәслихатының 2020 жылғы 23 маусымдағы № 33-167-VI " Жетісай ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын және тұрмыстық қатты қалдықтарын жинау, әкету және көму тарифтерін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5698 тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат хатшысының м.а.

Н. Бектүреев

Жетісай аудандық мәслихатының
2022 жылғы 30 қарашадағы
№ 26-167-VII шешіміне қосымша

Жетісай ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілердің түрлері	Есептік бірлік	Коммуналдық қалдықтардың жиналған жылдық шамасы, м3
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,07 1,18
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	1
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	1
4	Балабақшалар, бөбекжай және басқа да мектепке дейінгі мекемелер	1 орын	0,40

5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,3
6	Емханалар, медициналық орталықтар	1 келіп кету	0,008
7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,12
9	Мейрамханалар, дәмханалар, басқада көңіл көтеретін ғимараттар және қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	0,57
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы, интернет-кафелер, компьютерлік клубтар	1 отыратын орын	0,2
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м2	-
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,2
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м2	0,2
14	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	сауда алаңы 1 м2	0,71
15	Машиналардан сату	сауда орнының 1 м2	-
16	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м2	1
17	Өнеркәсіптік, азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м2	-
18	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м2	0,2
19	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м2	0,5
20	Жағажайлар, жолдардан көше сметалары	Жалпы алаңы 1 м2	-
21	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м2	0,91
22	Автотұрақтар, автомобильді жуу	1 машина-орын	0,2

	орындары, авто жанармай құю станциясы		
23	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	0,65
24	Гараж кооперативтері, гараждар, паркингтер	1 гаражға	-
25	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	0,45
26	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м2	0,36
27	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,06
28	Кішігірім жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар.)	1 жұмыс орны	0,06
29	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м2	0,23
30	Қала аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды, саябақ қалдықтары	1000 қатысушы	-
31	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	0,0020